

**«БД020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Алпысбаева Айгүл Ерболатқызының «Мағжан Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының  
лингвомәдени аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚИРІ**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1. 1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ізденушінің диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Респубикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді және халықаралық мәдени ынтымақтастықты дамыту мәселелерімен тұспа-тұс келеді. Зерттеу жұмысының концептісі Тәуелсіз Қазақстанның әдебиеті мен мәдениетін сақтау мен жаңғырту, насихаттау, сондай-ақ әлемдік қауымдастыққа таныту мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Мәдени Мұра» «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларымен де сабақтас. Сонымен қатар, Қазақстан халықтары Ассамблеясының бірнеше бағдарламаларымен, соның ішінде этностардың келешектегі интеграциялануы, мемлекеттік «Тұтырлы Үш тіл» жобаларына сай келеді.
2.	Ғылымға	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Респубикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттың көрсетуі)	Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді
	Жұмысқа	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады. М. Жұмабаев поэзиясының аудармалары бұрын-соңды жүкелі, кешенді түрде зерттеу нысанына

маныздылығы	ашылған/ашылмаған.	алынбаған тың тақырып. Диссертацияның құрылымы, тақырыбы, мазмұны жүйелі және ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді, орындау сапасы жоғары деңгейде көрінген, практикалық тұрғыдан да өзекті мәселелерге арналған. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырымдар мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының дәйектілігімен манызды. Диссертациялық жұмыс отандық Аудармалану ғылымының аясын кеңейте түсетін іргелі еңбектердің қатарына жатады.
3. Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Саңдық көрсеткіштермен дәлелденген сапалы ғылыми нәтижелерге қол жеткізу үшін ізденуші зерттеу нысанына сай материалды жинап, іріктеп, түпнұсқа материалдың үш тілдегі аудармаларына жүйелі салыстырмалы талдау жасайды. Жұмыс барысынан диссертанттың төрт тілдегі жоғары күзиреттілігі байқалады. Аудармашылармен ұзақ уақыт бойында тиімді жұмыс атқарылған.
4. Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Кез келген әдеби асыл мұра – бүтіндей бір халықтың айнасы болғандықтан оның басқа тілдердегі аудармалары қалай жасалып жатыр, аударылуы қиын ақпарат қандай деңгейде реципиентке жеткізіліп отыр, қандай аудармашылық стратегиялар қолданылып, қандай аударма тенденциялары орын алып жатыр деген сұрақтарға жауап беру үшін түпнұсқа мен аударма мәтінді зерделеп, талдап, тұжырым жасау - үлкен міндет. Әрі түпнұсқаның бір тіл емес, бірнеше тілдердегі аудармалары арасындағы тіл аралық, мәдениетаралық байланыстарын ашып, әр түрлі этностардың құндылықтар жүйесіндегі, тілдік бейнесіндегі өзгешеліктер мен ортақ тұстарын ажырату көркем аударма теориясы мен практикасында, лингвомәдениеттану тұрғысынан құнды ақпарат көзі болып табылады.
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны оның тақырыбын толық ашады. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеудің мақсаты - М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың жергілікті ресми орыс тіліне, туыстас түрік тілі және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін, доместикациялану және форенизациялану деңгейін анықтау. Осы мақсатқа сай келесі міндеттер қойылған: - жашпы элементік аудармалану теориясында және поэтикалық

		<p>аудармада қалыптасқан мәдени лексиканы аудару тенденциялары мен қағидағтарын анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әлемнің ұлттық тілдік бейнесі аударма теориясындағы лингвомәдени зерттеулердің негізгі формасы болып табылатын, лингвомәдени аспектінің мазмұнын ашып, мәтіннің этномәдени феноменін түсіндіретін зерттеудің өзектілігін көрсету;</li> <li>- М. Жұмабаев поэзиясындағы ұлттың тілдік бейнесін көрсететін мәдени лексиканы анықтау (идентификациялау), классификациялау және интерпретациялау;</li> <li>- салыстырмалы-салыстырмалы әдіс арқылы мәдени болмысты (түпнұсқа мен аударманың ұлттық-мәдени ерекшеліктері) үш тілде аударудың негізгі және неғұрлым тиімді тәсілдерін анықтау, трансформация жолдарын көрсету;</li> <li>- аудармашының мәдени лексиканы аудару барысында қандай стратегияны ұстанғанын және оның аудармаға әсерін анықтау;</li> <li>- аударманы қолдана отырып, қазақ халқының әлемдік тілдік бейнесін сипаттау үшін лингвомәдени зерттеулер аясында алынған мәліметтерді қорытындылау.</li> </ul>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Диссертацияның алдына қойған мақсаты анық және ішкі құрылысы, мазмұны жарынан біртұтас сабақтастықта орындалған жүйелі ғылыми жұмыс.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдау жасалған. Мысалы, поэтикалық аудармада ұйқас, ырғақ, пішін тәрізді өзіндік ерекшеліктерімен қатар, түпнұсқадағы ұлттық мәдени ренкті, туынды жазылған уақыттың рухын сақтау тәрізді мәселелер өзектілігі осы бағыттағы авторлардың еңбектерін жан-жақты қарастырып, саралаудың негізінде тұжырымдалған; Мағжан ақын поэзиясында аудармада қиындық тудыратын реалия сөздер тобының өте жиі көрініс табуы және олардың тақырыптық классификациясы жұмыста көрсетілген сандық көрсеткіштер, реалия сөздердің этнографиялық, этнолингвистикалық сөздіктер мен этнологиялық дереккөздер арқылы жасаған интерпретациясы, отандық ғылыми дискурста М. Жұмабаев шығармашылығына тілдік тұтастына қатысты академиялық еңбектерде жасалған тұжырымдардың қолданысы дәлелдейді; Іріктелген мәдени лексиканың аударма мәтнінде форенизациялану және доместикациялану деңгейі аударматану тәжірибесінде қалыптасқан осы екі стратегия</p>

		<p>арасындағы арнайы контингуум формула, контекстуалды дескриптивті, салыстырмалы талдау арқылы анықталған, трансформация жолдары көрсетілген. Үш тілдегі аудармада мәдени тіл бірліктерінің доместикациялану немесе форенизациялану деңгейінің себептері, аудармаға әсері, түпнұсқаның мазмұнын бұрмалауға әкелген аудармалары семантикалық қателіктер, үш тілдегі универсалий мен уникалийлер, ұлттық специфика түпнұсқа мен аударма бірліктерін лингвомәдени аспектіде тарихи-мәдени салғастырмалы, семантико-стилистикалық талдау, тақырып бойынша түрлі сөздіктер, энциклопедия мен анықтамалықтармен жұмыс арқылы қол жеткізілген.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;  3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұл диссертациялық жұмыста алғаш рет М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың әр түрлі тілдік топтарға жататын үш тілдегі аударма талдауы жасалған. Бұл толыққанды жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</li> <li>2. М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың үш тілге аударылу ерекшеліктері алғаш рет жүйелі зерттеудің объектісі ретінде қарастырылып, форенизациялану және доместикациялану деңгейі анықталған. Бұл толығымен жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</li> <li>3. М. Жұмабаевтың аударма шығармаларына бірінші рет мәдени аспектіде үш тілде салыстырмалы талдау жүргізіліп, нәтижесінде осы орыс, ағылшын және түрік лингвомәдени қоғамдастығы өкілдерінің менталитеті, тілдік бейнесінің ұлттық ерекшеліктері анықталды. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</li> <li>4. Ізденуші ағылшын, түрік тілдеріндегі аударма авторларымен тікелей тығыз жұмыс атқарып, аударма талдауы аудармашының комментарийлерімен қоса берілген. Бұл отандық аударматану ғылым үшін толығымен жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</li> <li>5. Ақынның поэзиясында кездесетін мәдени лексика іріктеліп, классификацияланып, алғаш рет 132 беттен тұратын «М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың үш тілді илпостративті (түсіндірмеші) аударма сөздігі» құрастырылған. Бұл толық жаңа ғылыми жаңалық болып есептеледі.</li> <li>6. Ақын поэзиясының ағылшын тіліне аударылуы алғаш рет үштік сипатта қарастырылған. Егер кез келген көркем аударманы талдау барысында «екі мәдениеттің» қарсы келуі, сондай-ақ авторға тиесілі мәдениет пен аудармашыға (аударма тіліне) тиесілі мәдениет қарастырылса, ағылшын тіліндегі аудармада жағдай ерекше. Түпнұсқа</li> </ol>

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>тілі – қазақ мәдениетіне, аударма – ағылшын тілі мәдениетіне тиесілі болса, аудармашы тұтасы өзбек мәдениетіне жатады. Бұл - толық жаңа ғылыми нәтиже.</p> <p>7. Диссертациялық еңбекте аудармашы Т. Қожаағлудың ағылшын тіліндегі алғашқы аудармалары, Мағжанды түрік тіліне тәржімалаған Ф. Тамирдін жинаққа кірмеген, өз қолымен ұсынған өлеңдерінің аудармалары алғаш рет қарастырылған. Бұл отандық аудармашы ғылым үшін <i>отте күнды</i> әрі <i>тың нәтиже</i> болып табылады.</p> <p>8. Үш тілдегі аудармалардағы түпнұсқаның мағынасын жеткізудегі кәсіпкерді анықтау мақсатында осы материалдардың барлығы бірінші рет отандық аудармашы ғылымында қарастырылған. Бұл толыққанды жаңа ғылыми жаңалық болып есептеледі.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Себебі, жалпы Мағжан ақын поэзиясының аудармалары алғаш рет үш тілдің аясында лингвистикалық және мәдени аспектісі тұрғысынан күрделі және кешенді зерттеу нысанына айналып отыр. Түпнұсқадағы мәдени тіл бірліктері, атап айтқанда реалиялар мен ұлттық нақышталы қаратпа сөздердің форемициациялану және мақсатты мәдениетке бейімделу деңгейі сандық және сапалық тұрғыдан анықталып, тын және манызды тұжырымдар жасалған. Талдаудың қорытындылары аудармашылардың ақын поэзиясындағы мәдени лексиканы тәржімалау барысында қабылданған шешімдері мен қиындықтары, ол қиындықтарды шешу жолындағы амалдары тәрізді күнделі, жаңа ақпаратпен сүйемелденген.</p>
<p>6. Негізгі қорытындыларды негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген. Жұмыстың ғылыми нәтижелерінің негізіндігін диссертант атқарған түпнұсқа мен аудармалары арасындағы көлемді, мазмұнды әрі дәлелді салыстырмалы-салғастырмалы талдау, зерттеу үшін тиімді қолданыс тапқан заманауи ғылыми әдістер көрсетеді. М. Жұмабаев поэзиясындағы реалия сөздер мен ұлттық нақыштағы қаратпа сөздерді іріктеп, рухани және материалдық мәдениет, уақыт пен кеңістіктікке қатысты жіктеп, жүйелеген. Олардың ақынның шығармашылығындағы қолданысының функционалды көркемдік</p>

		<p>ерекшелігін анықтап, этнографиялық, этнолингвистикалық сөздіктердің көмегіне сүйене отырып интерпретациялаған. Осылай жүйелі түрде сараланған зерттеу материалының үш тілдегі аудармаларын, мақалаты мәдениетке бейімделу немесе керісінше «өзгелік» сарынының сақталу деңгейін арнайы ғылыми әдістермен анықтап, аудармадағы трансформация жолдарын ашып, талдап көрсетеді. Мысалы, материалдық мәдениетке қатысты атаулардың орыс тіліндегі аудармаларындағы форенизациялану деңгейі - 34%, түрік тілінде - 28%, ағылшын тілінде - 50 %.</p> <p>Рухани мәдениетке қатысты атаулардың форенизациялану деңгейі орыс тілінде - 21,9 %, түрік тілінде - 18 %, ағылшын тілінде - 25 %.</p> <p>Аудармашының мәдени тіл бірліктерін таржымалауда қандай да бір стратегияны таңдау себебін, аудармаға әсерін ғылыми болжам жасау арқылы немесе аудармашылардың өзі берген жауаптарымен тұжырымдайды.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидастар</p>	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1-қағида. Шетелдік, ресейлік және отандық аудармашы теориясында қалыптасқан қағидастар мен тұжырымдарды жүйелей келе поэтикалық аудармада өзіндік ерекшеліктерімен қатар, түпнұсқадағы ұлттық мәдени ренкті, туынды жазылған уақыттың рухын сақтау тәрізді мәселелердің өзектілігі анықталған. Кез келген көркем туындыдағы лингвомәдени лексикалық бірліктердің аудармасы - белгілі бір тілдік құрылымдардың басқа тілге ауысуы ғана емес, сонымен бірге ұлттық тілде халықтың рухани мәдениетінің қайнар көзі ретінде көрінетін фондық білімді ескере отырып, лексиканың осы қабатының мазмұнын жеткізудің күрделі процесі болып табылады.</p> <p>7.1 Қағида дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жаңа (1)</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Арысбаева, Translation of the Culture-Specific Items in Jshabauev's "Men Jastarğa Senem" into English and Russian. // International Journal of Society, Culture and Language. Ітаp. Online ISSN: 2329-2210. Volume &amp; Issue: Volume 9, 2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), Summer and Autumn 2021 (Скoтyс базаcына енетiн). – 19-27 pp. (1)</p> <p><u>2-қағида.</u> Маржан акын поэзиясында аудармада қиындық тудыратын реалия сөздер тобы өте жиі көрініс тапқан. Олар қазақ халқының көшпелі өмір салты, тұрмысынан бастап, дүниетанымы, өнері, құндылықтары, әдет-ғұрпы, ақімшілік, қоғамдық бөлінісі, биілік, діни наным-сенімдеріне</p>

		<p>дейінгі барлық қабақтарды қамтиды. Олардың ішінде көнергендері де, қазіргі уақытта белсенді сөздік қорға кіретіндері, бірақ коннотацияларын өзгерткендері де баршылық. Тура және ауыспалы мағыналарында, көркемдік образ жасау мақсатында да қолданылған.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жана (1)</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кен (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Алушбаева, S.A. Ashylnapova, G. Mehmet. Translation of the culture-beating symbolism of animals in the poem “Turkistan” of Magzhan Zhsabaev (Turkish, Russian and English languages). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №2 (174) 2019. – 252-257 бб. (1)</p> <p>3-қағидаг. Зерттеудің пәні ретінде Мағжан ақын поэзиясындағы мәдени лексиканың аударма мәтінде форенизациялану және доместикациялану денгейі, яғни шет тілді көркем мәтіннің аудармада лингвомәдени бейімделуі денгейі қарастырылып, үш тілдегі аудармада да мәдени лексиканы доместикациялау стратегиясының басымдылығы анықталған. Доместикациялау үрдісі ерескел мазмұндық өзгерістерге әкелмегенімен, ұлттық колорит пен коннотация болуының әлсіреуіне ықпал еткен.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жана (1)</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кен (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Алпысбаева, М. Жұмабаев поэзиясындағы ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің аударылу ерекшеліктері (түрік, орыс, арғышын тілдері). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №3 (179) 2020. – 17-24 бб. (1)</p> <p>4-қағидаг. Материалдық мәдениетке қатысты атаулар аудармада үш тілде де көбірек форенизацияланғаны анықталды. Үш тілдің ішінде форенизациялану денгейі орыс тілінде жоғары. Көп жағдайда қазақ әліпбиіне тән ерекше дыбыстар орыс тілінің фонологиясына бейімделіп еш қосымша түсінік берілместен натурализацияланған. Оның себебі аудармашының екі халықтың арасындағы ұзақ уақыт бойындағы тарихи-әлеуметтік тығыз байланыс әсерінен мақсатты аудиторияның түпнұсқа тіл мәдениетімен жақсы таныс деген болжам ұсынылды. Сондай-ақ екі тіл бір әліпби қарпін пайдаланғандықтан, мәдени элементті дәл сол қалпында трансплантациялау, орын ауыстыру я трансференция түрік және арғышын</p>
--	--	--

		<p>тіліне қарағанда жиі орын алған.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жаңа (1)</p> <p>7.4 Қолдану дегеней кен (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Алпысбаева М. Жұмабаевтың «Адыстағы бауырлым» өлеңіндегі реалия сөздердің аударылу ерекшеліктері (түрік, орыс, арғышын тілдері). // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия. №3 (175) 2019. – 198-203 бб. (1)</p> <p><u>5-қағидаг.</u> Түрік тілінің туыстығына қарамастан, екі тілде әр түрлі қаріп (латын, кириллица) қолданыста болғандықтан түрік тіліндегі аудармада мәдени тіл бірлігін бірден трансференциялау мүмкіндігі болмаған. Көбінесе транскрипция арқылы натурализациялау орын алған. Сонымен қатар түрік тілінде орыс тілінен қарағанда қосу амалы, аударманы қосымша ақпаратпен сүйемелдеу жиірек көрініс талқан. Себебі туыстас халық, тіл болғанымен, өркениеттердің даму формасы әр түрлі болды. Түрік халқы отырықшы өмір салтына қазак халқынан неғұрлым ерте өтіп кеткендіктен көшпелі өмір салты мен тұрмысына қатысты көптеген атаулар мақсатты аудиторияға таныс емес.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жаңа (1)</p> <p>7.4 Қолдану дегеней кен (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Алушбаева. <i>Ауыстағу баурулма</i> in translation (Turkish, English): Linguistic and cultural aspects. // Akdeniz Havzası ve Afrika Medeniyetleri Dergisi. Ankara Hacı Vahit Veli University. Cilt 2 / Sayı 2 / 2020 GÜZ. – 174-179. (1)</p> <p><u>6-қағидаг.</u> Түпнұсқаның мазмұнын бұрмалауға әкеметін семантикалық қателер үш тілде де өте сирек орын алғандығы айқындалды. Ал, мәтіннен тыс берілген қосымша түсіндірмелерде қате түрік тіліндегі аудармада көрініс талқан. Атап айтқанда, белгілі бір мәдени сөздің орнына мүлдем басқа сөздің түсіндірмесі берілген. Немесе, мәтін ішінде түсіндірмеге сиптеме берілді, алайда мәтін сонында ұмытылып кеткен. Аудармашы бұл жайында хабарлар етпіді. Техникалық ақауларға аудармашы өкінішін білдіріп, ендігі басылымдарда түзетілетінін ескертті.</p> <p>7.1 Қағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2)</p>
--	--	---

		<p>7.3 Ия, жана (1)</p> <p>7.4 Колдануу денгей кен (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Алыпсбаева. Маржан акын поэзиясы алты курдыкка жол тартты. Халыкаралык ғылыми практикалык интернет конференциянын материалдары. Халыкаралык билим және ғылым академиясы. 2019, Нур-Султан. – 9-11 бб. (1)</p> <p>7-кағидаг. Орыс, ағылшын тилдериндегит аудармаларда өте сирек кездесетин форенизациялау амалы колданылгандыгы аныкталды. Биринши, түпнускадагы мәдени элементти сол түпнуска тилдеги баска бирмен аудару. Мысалы, орыс тилине <i>катыкты</i> – <i>айран</i>, <i>сүвинды</i> - <i>айран</i> деп, <i>күзөүдү</i> - <i>мабуи</i> деп таржымалайды. Немесе түпнускада жок мәдени тил бирлиги аудармада пайда болады. Мысалы, койга шыгу – <i>вийти за отарю</i>. Бирак мына койды ким багар, ким багар? - Кто б тогда на <i>ожсагилу</i> овец выгонял? Ағылшын тилинде де өте сирек косарлы форенизация амалы колданылды: белги аркылы аудару + косу (косымша, түсіндірме, сілтеме). Аудармашы реалия сөзді тырнакшага алып кана коймай, касына жакшанын ішінде мәтін косымша түсіндірме келтіреді: «<i>дауа</i>» (river).</p> <p>7.1 Кағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жана (1)</p> <p>7.4 Колдануу денгей кен (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Alrұsbayeva, S.A. Ashutlanova, G. Mehmet. Translation of the culture-bearing symbolism of animals in the poem "Turkistan" of Magzhan Zhapbayev (Turkish, Russian and English languages) // КазҰУ Хабаршысы. Филологиялык серия. №2 (174) 2019. – 252-257 бб. (1)</p> <p>8-кағидаг. Төрт тил мен мәдениетке де тән универсалий ұғымдар мен түсініктер бары аныкталды. Мысалы, <i>бөсік пен бөсік жырды</i>. Ежелге соғыс кездерінде батырлар киген <i>дұлыга мен найза</i>, <i>дйни релгиялар</i>. Дйни реалияларга келгенде, түрік тилине катысты казак тилиндеги реалиялар эквивалентсіз лексика болып саналуын токтады. Себебі кос халык бір динди ұстангандыктан, ұғымдар да екі халыкка ортак таныс. Тилті, жазылуы мен айтылуы да ұжас.</p> <p>7.1 Кағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жана (1)</p> <p>7.4 Колдануу денгей кен (3)</p> <p>7.5 Ия, ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша жарык көрген зерттеу</p>
--	--	--

		<p>мақалаларында дәлелденген (1)</p> <p>9-жағидаг. М. Жұмабаевтың поэзиясы, әдеби мұрасы әлемдік әдебиеттің фактісіне айналды.</p> <p>7.1 Кағидаг дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2)</p> <p>7.3 Ия, жана (1)</p> <p>7.4 Колдану дөнгейі кең (3)</p> <p>7.5 Ия, А.Е. Алпысбаева. Мағжанды Шекспирдің тілінде сөйлеткен // Ш. Уалиханов атындағы КМУ Хабаршысы. Филологиялық серия. № 4 (1), 2020. – 315-322 бб. (1)</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ия. Әдістеменің тандауы – негізделген. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, концептуалдық және мәнмәтіндік талдау, когнитивтік интерпретация, іріктелген тілдік материалдарды жүйелеу, жіктеу, жасалған талдауды реттеу және сандық көрсеткіштер арқылы көрсету мақсатында лингвостатистикалық әдістері қолданылған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған.</p>
	<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ия. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғылымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.</p>
	<p>8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген мамызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселесін айқындап, оны шешу жолдарын талдауға жеткілікті, онда көптеген дереккөздер келтірілген.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Тақырыпқа сәйкес пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті әрі нақты.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия, докторлық диссертцияның теориялық маңызы бар. Зерттеудің ұсынып отырған нәтижелері отандық көркем аударма, салыстырмалы әдебиеттану және аударма, лингвомәдениеттану салаларының дамуына өз үлесін қосады. Тіл және мәдениет, аудармадағы мәдениет және мәдени аударма теорияларын өзара тығыз байланыста отандық маманға жетілдіруге септігін тигізеді. Мәдени лексиканы тәржімалауда түпнұсқа және мақсатты мәдениет арасындағы қандай байланыстар мен факторлар әсер ететіні, әр түрлі тілдік топтарға жататын тілдерде сөйлейтін халықтар дүниетанымы мен тілдік бейнесінде орын алатын универсалдықтар мен уникалдықтар жүйесі тәжірибемен дәлелденген құнды теориялық болжамдар жасауға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия, зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдарын, талдауға түскен тілдік материалдарды, құрастырылған сөздікті жоғары оқу орындарындағы «Көркем аударма», «Салыстырмалы әдебиеттану», «Аударманың өзекті мәселелері», «Аударма және мәдениетаралық қарым-қатынас» тәрізді ғылыми курстар мен семинарлар, «Лингвомәдениеттану» пәнінен қосымша тірек дереккөздер ретінде, ағылшын, орыс, түрік және қазақ тілдерінде дәріс пен арнайы курстарда қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі М.Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі аудармалары осы уақытқа дейін лингвомәдени тұрғыдан салыстырмалы талдауға түспеген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, ғылыми стильде жазылған.

Докторант Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы «БД020700-Аударма ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:  
«Л.Гумилев атындағы Еуразия  
Ұлттық университеті» КеАҚ,  
Шет тілдер теориясы мен практикасы  
кафедрасының доценті, PhD



Қолын қуалаңдырамын  
д.н. Гумилев атындағы  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
**КАДР ҚЫЗМЕТІ**  
М.С. О. Ш. 2023



Л. Г. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
**СӨЗДІ РАСТАЙМЫН**  
М.С. О. Ш. 2023

Кожаканова Мадина Түлгеубековна